



1-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ЭТИКА: ТЕОРИЯСЫ МЕН ҚАЗІРГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Кіріспе





Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері

Дәріс: Кіріспе

Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

Саламатсыздар ма, құрметті студенттер және біздің дәрістерді тыңдаушылар!

Менің есімім Байдлаева Ақмарал Қаржауқызы, философия пәнінің оқытушысымын. Мен сіздерге Сан-Франциско Университетінің Философия профессоры Барбара МакКиннон мен Калифорния штатының Университеті Философия профессоры Эндрю Фиаланың «Этика. Теория мен қазіргі мәселелер» атты еңбегін таныстыру мүмкіндігінің туғанына өте қуаныштымын. Бұл кітапқа арналған бейне-топтамамыз 25 дәрістен тұрады. Бұл дәрістер аясында біз жалпы этика дегеніміз не деген сауалды және этика саласындағы негізгі мәселелерді қарастырып шығамыз.



Оқулық авторы, Этика саласының маманы, Калифорния штатының Университеті Философия профессоры Эндрю Фиала.

Мәселен, сіздердің назарларыңызға ұсынылып отырған кітапта: Этика және этикалық ой-пайымдау, Дін және жаһандық этика, Этикалық релятивизм, Эгоизм, альтруизм және қоғамдық келісім-шарт, Утилитаризм, Деонтологиялық этика, Табиғи заң және адам құқықтары, Ізгілік этикасы, Феминистік ұстаным мен Қамқорлық этикасы сияқты этика салаларымен қатар, қазіргі қоғамда өзекті болып отырған Эвтаназия, Түсік жасату, Сексуалды мораль, Тең құқықтылық пен дискриминация, Жазалау және өлім жазасы, Қоршаған орта этикасы мен Жануарлар этикасы,

Биотехнология мен биоинженерия, Зорлық-зомбылық пен Соғыс этикасы, Жаһандық әділдік пен жаһандану мәселелері ортаға салынып, жан-жақты қарастырылады.

Кіріспе дәрісімізде біз жалпы этика дегеніміз не және оны зерделеу не себепті маңызды деген сұраққа қысқаша жауап беріп көрейік.

Этика сөзінің этимологиясына үңілсек, бұл грек тіліндегі «әдет», «ғұрып», «мінез» дегенді білдіретін сөзден шыққан термин. Этика – мораль, адамгершілік, ізгілік сияқты дүниелерді зерттеп, адамдардың қоғамда бірігіп өмір сүруін қамтамасыз ететін өзара әрекеттесу принциптері мен механизмдерін зерделейтін философиялық пән. Зерттеудің ерекше саласын білдіретін термин ретінде бұл сөзді алғаш Аристотель қолданған деп саналады.

Бұл терминнің ғылыми, философиялық теориясына кіріспес бұрын, оны біршама қолданбалы мағынада сипаттап берсек, бұл тұжырымдаманы ұғыну біраз жеңілдеу болар. Ең қарапайым бір мысал: қоғамдағы күнделікті орын алып жатқан түрлі іс-әрекет, мінез-құлықтарды саралай отырып, біз дәрігер, журналист, заңгер, кәсіпкер, саясаткер немесе мұғалім сияқты кейбір кәсіпқой адамдардың мінез-құлқы немесе іс-әрекеті жайлы сөз қозғап жатамыз. Осыған орай біз медициналық этика, журналистік этика, құқықтық этика, кәсіпкерлік этика, саяси қайраткерлердің кәсіби этикасы және педагогикалық этика деген ұғымдарды келтіреміз. Этиканы заңмен шатастырып алуға болады, дегенмен, көптеген заңдардың түп-тамыры осы этикалық принциптерден бастау алып жатады.

Әйткенмен, заңнан бір өзгешелігі – үкімет немесе қоғам бір де бір адамды этикалық нормаларды қатаң сақтауға мәжбүрлей алмайды, әрі оны осы ережелерді бұзғаны үшін ешбір жазаға тарта алмайды (әлбетте, егер заң этикаға қатысты мәселелер бойынша ешбір қаулы қолданбайтын болса).

Әрине, этика тек кәсіби салада ғана қолданылып қоймайды, оның арнасы адам өмірінің барлық тармақтары мен салаларына тарқатылады. Дегенмен, әрбір адам өз кәсібінің аясында өзін қалай ұстауы тиіс екендігін нұсқау ететін кәсіби этика кодекстері бар.

Ендігі жерде жиі көтерілетін сұрақтардың бірін атайық: бұл – этика мен моральдың айырмашылығы. Этика мен мораль өзара байланысты, бірақ олар екі түрлі. Мораль нормаларға, дәстүрлерге немесе мәдени, иерархиялық және діни тәртіптерге бағынуға негізделген. Ал, этика болса, өз кезегінде, өмір салтын адами көзқараспен негіздеуге талпынады.

Философияда этика, әдетте, дәстүр немесе әдет ретінде ұғынылатын моральмен шектеліп қана қоймай, өмірдің ең үздік үлгісін сүруге немесе асқақ мұраттарға ұмтылудың ең үздік жолдарын іздеудің теориялық тұжырымдарын іздейді.

Этика антропология, психология, әлеуметтану, экономика, экология, педагогика, саясат, тіпті, дене шынықтыру мәдениеті және т.б. салаларды қамтиды.

Мысалы, күнделікті өмірде естіп жүрген кәсіби этика туралы бірер ауыз сөз айтсақ. Бұл термин белгілі бір әлеуметтік топтағы адамдардың мінез-құлық, жүріс-тұрыс ережелерінің жиынтығын немесе еңбек іс-әрекетіндегі кәсіби моральдық нормалардың жүйесін білдіреді. Ол осындай ара-қатынастардағы адамгершілік ұстанымды қарастырады. Демек, адамның кәсіби қызметіндегі жауапкершілігіне, яғни оның кәсіби міндеттері мен қызметтік борыштарына деген көзқарасын сипаттайды.



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері

Дәріс: Кіріспе

Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

Мәселен, саясаттағы кәсіби этиканы айтатын болсақ, мемлекеттік қызметтегі этика туралы мәселе мемлекеттік қызметкерлердің іс-әрекеттеріне байланысты. Бұл адамдар қоғамдағы ізгілікті өмірге қажетті адалдық пен басқа принциптер сияқты моральдық құндылықтарды таныта біліп, этикалық стандарттарға сай әрекет етуі тиіс.

Адамдар мемлекеттік қызметке тағайындалғанда, қоғам оларға сенім артып, этикалық стандарттарды орындайды деп үміттенеді. Яғни, бұл адамдар сенімді ақтап, белгілі бір құндылықтарға, принциптерге, қағидалар мен ережелерге, асқақ мұраттарға арқа сүйене келе, өз міндетін атқаруы қажет. Сонымен бірге, мемлекеттік қызметкер әлеуметтік теңдікке, жұмыс орындарының құрылуына, азаматтық сезімді дамытып, демократияны нығайтуға күш салуы тиіс. Осы мақсаттарды көздей отырып, ол ел мен қоғамға әлеуметтік, экономикалық және саяси салаларда пайда әкелетін саясатты жүзеге асыруға даяр болуы керек.

Сол сияқты кәсіпкерлік этикаға келсек, оның да, кез-келген басқа кәсіби қызмет сияқты, өзіндік құқықтық, моральдық және этикалық нормалары мен мінез-құлық ережелері бар, ал оларды сақтамау теріс нәтижелерге бастауы мүмкін.

Медициналық деонтология немесе медициналық этика – медицинадағы этиканы, медициналық қызметкерлердің ережелері мен нормаларын, олардың әріптестермен және емделушілермен арадағы өзара қатынастарын зерттейді. Мұндағы деонтология сөзі – басқа адамдар мен қоғамның алдындағы адамгершілік борышты білдіретін ұғым.

Сонымен қатар, біздің қоғамда этикаға қатысты жиі айтылатын салалардың бірі – құқыққорғаушылық немесе заңгерлік этика. Этиканың бұл саласы құқыққорғау саласында қызмет ететін адамдардың адамгершілік, этикалық және моральдық мінез-құлқына қойылатын талаптарды қарастырады. Құқыққорғаушылық этиканың негізгі элементтері ретінде: шыншылдық, адалдық, қоғамның игілігі үшін құқықтық нормаларды ұстанудың міндеттілігін ұғыну сияқты қасиеттерді атауға болады.

Құқық қорғаушының кәсіби этикасы – заңгердің лайықты іс-әрекеттері туралы бірқатар этикалық ережелер, нұсқамалар, кодекстер, ілімдер және теориялардың, сондай-ақ, қоғам алдындағы міндеттері мен адамгершілік қасиеттерінің қалыптасқан бір міндетті қатарын қамтиды.

Сонымен, этика дегеніміз – мораль мен ізгілікті зерттейтін философиялық пән, ол 20 ғасырдан астам уақыттан бері бар. Ежелгі грек философы Аристотель – этиканың атасы, негізін қалаушы саналады. Ол «этикалық» деген сөзді адамдардың ізгі қасиеттерін сипаттау үшін қолданып, «этика» терминін ізгілік, мораль және адамгершілікті зерделейтін ғылымның атауы ретінде ұсынды.

Этиканың негізгі проблемаларын атайтын болсақ, бұл:

1. Адамның өмірінің мәні мен оның мақсат-міндеті
2. Жақсылық пен жамандықтың, ізгілік пен жаман қасиеттердің өлшемдері
3. Адамның борышы мен оның адам бойындағы бақытты қалау ойымен үйлесуі
4. Ерік еркіндігі мәселелері.

Ендігі жерде біз жалпы этиканы не үшін оқу қажет деген сұраққа жауап беріп көрелік. Құндылық мәселелеріне келгенде біздің ойымыз жиі бір жерден шықпай жататыны анық. Қазіргі қоғамға көз салсақ, біз алуан түрлі, кейде өте өткір, өзекті мәселелерге тап болып жатамыз. Мысалы: Бір жынысты неке заңды болуы тиіс пе?



Этиканың атасы саналатын ежелгі грек философы Аристотель (б.з.д. 384 – б.з.д. 322 жж.)

Әйелдерге түсік жасатуға жол беру керек пе? Марихуана сияқты есірткілерді заңдастыру қажет пе? Лаңкестерден ақпарат алу үшін оларды азаптасақ бола ма? Жануарларды азық етіп немесе оларды медициналық эксперименттерде пайдалансақ бола ма? Бұл этикалық сұрақтардың азғана бір бөлігі. Әлбетте, мұндай сұрақтар ненің дұрыс, ненің бұрыс екендігі туралы пікірлерде келіспеушілік тудырады. Бір қарағанда бұл сұрақтардың жауабы өте оңай, тіпті ойлануға да тұрмайтын, жауабын шорт кесе салатын сұрақ сияқты болып көрінеді. Бірақ, егер бұл соншалықты оңай болса, бұл мәселелер неге шешілмей келеді? Біз қоғамда өмір сүргендіктен, барлық адамдардың бәрінің ойы бірдей, бір жерден шыға бермейді. Әркімнің өз уәжі, өз пікірі бар. Этика пәнінің күрделілігі де осында.

Бұл секілді сұрақтарға байланысты пікірталастар көбіне қисынсыз тіл тигізуге, жер тепкілеуге, эмоциялық айғай-шуға және басқа да күмәнді дәйектерді уәждемелеуге ұласып жатады. Этиканы философиялық зерттеу біздің тәжірибелік мәселелер туралы пікірлерімізге орынды қолдауды қамтамасыз ететін салмақты



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері

Дәріс: Кіріспе

Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

дәйектер келтіруге бағытталады. Егер біреу түсік жасатуға рұқсат берілуі тиіс (немесе тиіс емес) дейтін болса, онда ол адам оның себебін түсіндіруі қажет. Түсік жасатуға рұқсат берілмеуі тиіс, себебі бұл дұрыс емес немесе әйелдерге түсік жасауды таңдауына рұқсат берілуі тиіс, себебі әйелдердің таңдауын шектеу бұрыс нәрсе деп айта салу жеткіліксіз. Мұның бәрі дұрыс емес деп айта салу дегеніміз – бұл нәрселерге жол берілмеуі тиіс дегенді қайталау ғана. Мұндай жауап өздігінен-ақ сұранып тұр. Айналмалы, өздігінен сұранатын дәйектер – жаңсақ келеді. Түсік жасату не себепті дұрыс емес немесе еркін таңдауды шектеу не себепті бұрыс екендігін түсіну үшін бізге қосымша дәйектер мен ақпарат қажет. Бізге ненің дұрыс немесе бұрыс, ненің жақсы немесе жаман, дәлелді, ұйғарынды және дәлелсіз екендігі туралы теория керек, және де бізге осы теориямыздың нақты жағдайларда қалай қолданылатынын түсініп алу қажет, оған сенімді дәлелдер келтіру керек. Бұл мәтіннің бірінші жартысында түрлі теориялар мен тұжырымдамалар талқыға салынады, олар бізге этикалық мәселелер бойынша пікірталастарда туындайтын сұрақтарды айналып өтуге көмектесу үшін қолданылуы мүмкін. Біздің дәрістерімізде және сіздерге ұсынылып отырған оқулық беттерінде осы мәселелердің бірқатары егжей-тегжейлі қарастырылады.

Дәрістерімізді бастамай жатып, біз о бастан мұндай зерделеуді не үшін жасайтынымызды анықтап алу жөн болар. Не себепті жай ғана өз пікіріңді білдіріп, «х дегеніміз – дұрыс емес (немесе зұлым, әділетті, орынды және т.б.)» деп сендіре салу жеткілікті бола салмайды? Бұл сұраққа берілетін жауаптардың бірі мынадай: мұндай оп-оңай шешілетін пікірлер біздің әлемімізде, жер жүзіндегі қоғамдарда кездесетін құндылықтардың терең қайшылықтарының шешілуіне жәрдемдеспейді. Біз адамдардың түсік жасату, біржынысты некелер, жануарлар құқықтары және де басқа сұрақтар бойынша ойлары бір жерден шықпай жататынын білеміз. Егер біз бір-бірімізді түсінуде ілгерілегіміз келсе, егер біз осы мәселелер бойынша белгілі бір келісімге келуде алға жылжуға қол жеткізгіміз келсе, онда біз не себепті кей нәрселерді дұрыс, ал басқаларын дұрыс емес деп санайтынымызды түсініп алуымыз қажет. Біз осы мәселелер бойынша өз тұжырымдарымызды жасау үшін және өз тұжырымдарымызды басқаларға түсіндіру үшін дәйек келтіріп, дәлелді себептерді атауымыз керек.

Сонымен бірге, моральдық мәселелер бойынша тұжырымдарымызды жасағанда, әдет-ғұрыпқа немесе билікке сілтеме жасай салу жеткіліксіз. Балалар үшін өз ата-анасының шешімдеріне бағынып қана қою орынды болса, ересектер тек бағыну және белгілі бір билік көзіне бойсұнудан жоғары нәрсеге ұмтылуы тиіс. Кейде біздің әке-анамыз бен ата-әжелеріміз қателеседі немесе бір мәселеде өзара келіспей жатады. Кейде заң бұрыс немесе заңдар арасында қайшылық болады. Кейде діни билік көздері де қателеседі немесе билікшілік келіспеушілік туындайды. Моральдық мәселелер бойынша беделді бір көзге жүгіну үшін біз алдымен қай билікке сенуге және арқа сүйеуге болатынын шешіп алуымыз қажет. Моральдық ережелердің ең үздік жиынтығын қай дін қамтамасыз етеді? Қай елде қай заңдардың жиынтығын сақтаған жөн? Тіпті Құрама Штаттардың өзінде қазіргі таңда осы мәселелердің кейбіріне қатысты заңдарда қайшылық бар: кей штаттарда медициналық марихуана немесе дәрігердің көмегімен өзін-өзі өлтіруге заңмен рұқсат етілген, ал басқаларда – бұған жол берілмейді. Әлемдік діндер де бірқатар: мысалы, әйелдердің мәртебесі, түсік жасатуға рұқсат беру және соғысты әділетті деп ақтауға бола ма деген сияқты мәселелер бойынша өзара келіспейді. Әрі бір діннің немесе конфессияның ұстанушылары осы мәселелерге келгенде, өзара келіспеуі мүмкін. Бұл дауларды шешуді бастамас бұрын біз негізгі этикалық сұрақтарды философиялық тұрғыда сыни зерделеп шығуымыз қажет. Дәрістеріміздің барысында біз әлемнің түрлі діни дәстүрлерін ортаға салып, осы дәстүрлер бірдей көзқарас ұстанатын ортақ этикалық идеялардың жиынтығы бар ма деген сұрақты талқылаймыз. Сондай-ақ, біз этика дегеніміз не және этикалық пайымдау қалай жүзеге асуы қажет деген сұрақтарды түсіндіреміз.

Этика дегеніміз не?

Сіздерге ұсынылғалы отырған оқулықтың авторлары, этика бойынша дәрістің алғашқы күні студенттерден «Этика дегеніміз не?» деген сұраққа қысқаша жауап жазуды өтінетінін айтады.

Сіз қалай жауап берер едіңіз? Көп жылдан бері бұл мәселе бойынша студенттердің пікірлерінің арасында айтарлықтай айырмашылық байқалып келді. Кейбіреулер этика дегеніміз – өте жеке дүние, әр адамның ішкі ойының мәселесі деген пікірді алға тартады. Басқалардың сөзіне сенсек, біздің құндылықтарымыз отбасылық тәрбиеден туындайды. Енді бір студенттердің пікірінше, этика дегеніміз – өз қоғамының немесе соның ішіндегі медициналық немесе заңгерлік ұйымдар сияқты белгілі бір топтардың әлеуметтік принциптерінің, ережелерінің жиынтығы. Кейбіреулер көптеген адамдар өздерінің этикалық нанымдарын өз дінінен сусындатады деп жазады.



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері

Дәріс: Кіріспе

Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

Осы студенттердің берген түсініктемелерінен мынадай бір ортақ қорытынды жасауға болады: Біз этикаға жекелей бір тұлғаларға немесе топтарға тиесілі құндылықтар немесе принциптердің жиынтығы ретінде қарауға бейімбіз. Менде өз этикам бар, сізде – өзіңіздікі; топтар – мысалы кәсіби ұйымдар мен қауымдастықтар – ортақ бір құндылықтар жиынтықтарын көксейді. Біз адамдар жоғары қоятын құндылықтардың түрлі жиынтықтарын зерттей аламыз. Бұл зерттеу тарихи және әлеуметтанушылық тұрғыда жасалуы мүмкін. Немесе біз адамдар өз құндылықтарын қалай қалыптастыратынын анықтауға психологиялық қызығушылық таныта аламыз. Алайда, философиялық этика – қандай да бір нақты құндылықтардың немесе сенімдердің жиынтығы кез-келген басқасынан жақсырақ па деген сауалды көтеретін сыни ізденушілік әрекет. Біз өзіміздің беретін бағамызға дәлелдеме келтіре отырып, құндылықтар мен сенімдердің жиынтықтарын салыстырып, оларды салыстырамыз. Біз «Бір этикалық жиынтықты басқасынан артық көрудің сенімді себептері бар ма?» деген сияқты сұрақтарды ортаға саламыз. Бұл мәтінде біз этиканы сыни немесе бағалау көзқарасы тұрғысынан қарастырамыз. Бұл зерттеу сізге өзіңіздің жеке құндылықтарыңызды және басқа адамдардың құндылықтарын жақсырақ түсінуге жәрдемдеседі.

Этика - философияның бір тармағы. Сондай-ақ, ол моральдық философия деп аталады. Жалпы, философия дегеніміз – біздің адам өмірінің негізгі салалары немесе мәні туралы және тәжірибенің жан-жақты және маңызды қырлары туралы негізгі сауалдарды көтеріп, оларға жауап беруге талпынысымыздың аясын қамтитын пән немесе зерттеу. Платон мен Кант сияқты кейбір философтар өздерінің көптеген салалардағы философиялық көзқарастарын байланыстыра отырып, мұны жүйелі түрде орындауға ұмтылды. Альфред Норт Уайтхедтың айтуынша, «Философия дегеніміз – біздің тәжірибеміздің әрбір элементін оның терминдерімен түсіндіруге болатын жалпылама идеялардың біртұтас, қисынды, қажетті жүйесін құру талпынысы».

Кейбір қазіргі заманғы философтар жалпы идеялар жүйесін құру мақсатынан бас тартып, оның орнына мәселелерді жекелеп, әр жолы нақты бір проблемаға назар аудара отырып, жұмыс жасауымыз қажет деп сендіреді. Мысалы, кейбір философтар «білу» сөзінің мәнін талдаса, басқалары өтірік айту моралімен айналысады.



Британовық, логик, математик, философ
Альфред Норт Уайтхед (1861-1947 жж.)

Кейбір философтар біздің осындай проблемаларды шеше білу қабілетімізге оптимизммен қарайды, ал басқаларының көзқарасы біршама скептикалық сипатта, себебі олар біздің осы мәселелерді қалай талдайтынымызға, қабылдайтын шешімдерімізге үнемі біздің өмір сүретін ортамыз, мәдениетіміз және үйреншікті ойлау мәнеріміз ықпал етіп отырады деп ойлайды. Алайда, олардың көбісі бұл проблемалар назар аудару мен көңіл бөлуге лайық деген пікірмен келіседі.

Біз көптеген мәселелер бойынша философиялық сұрақтар қоя аламыз. Эстетиканы философиялық зерделеу барысында философтар өнер мен сұлулық объектілері туралы іргелі немесе негіз қалаушы сауалдарды көтереді: қандай заттар өнер болып саналады немесе саналуы тиіс (мысалы, белгілі бір ретпен орналастырылған тастар)? Бірдеңені эстетикалық қызығушылықтың нысанына айналдыратын нәрсе – оның басқа амалмен сипатталуы мүмкін емес эмоциялық мәнерлілігі, өзіндік бір формалық болмысы, ақиқатты ашып көрсету қабілеті ме? Ғылым философиясында философтар ғылыми білім бізге ақиқаттың шынайы бейнесін жеткізе ме, ғылымда ілгерілеу бар ма және ғылыми әдіс шындықты көрсете ала ма деген сауалдарды көтереді. Құқық философтары заңның өзінің болмысын, оның беделінің қайнар көзін, құқықтық түсіндірменің табиғаты мен заңды жауапкершіліктің негіздерін ұғынуға ұмтылады. Эпистемология деп аталатын білім философиясында біз өзіміз бен біздің әлеміміз туралы не біле аламыз және бірдеңеге сену ғана емес, оны білу деген не деген сауалға жауап беруге талпынамыз. Әр салада философтар нақты бір пәнге байланысты негізгі сауалдарды ортаға салады. Бұл мораль философиясына да қатысты.

Этика, немесе мораль философиясы, жақсы өмір туралы негізгі сұрақтарды көтереді, яғни ненің жақсырақ және нашарлау, объективті түрде дұрыс және бұрыс екенін, әрі бұл шынайы болса, біз оны қалай біле аламыз деген мәселелерді нысанаға алады.

Этика мақсаттарының бірі – ненің жақсы немесе жаман, ненің жақсырақ немесе жамандау екенін шешіп алуымызға көмектесу. Әдетте, бұл нормативті этика деп аталады. Нормативті этика ненің жақсы, дұрыс



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері

Дәріс: Кіріспе

Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

немесе әділетті екендігі туралы тезисті алға тартады. Нормативті этиканы метаэтикадан ажыратып алуға болады. Метаэтикалық зерттеу этикалық терминдер мен пайымдаулардың мәнін қоса алғанда, этиканың табиғаты туралы сұрақтарды талқыға салады. Философиялық этика мен дін арасындағы қатынас туралы сұрақтар – 2-ші тарауда ортаға салатынымыздай – метаэтикалық сипатқа ие. Этикалық релятивизм туралы теориялық сауалдар да – 3-ші тарауда айтылатындай – метаэтикалық сипатқа ие. I Бөлімдегі басқа тараулар этикалық теория ретінде біршама дұрыс көрсетілген. Бұл тарауларда нақты нормативті теориялар мазмұндалады; оларда ненің жақсылық немесе зұлымдық, әділдік немесе әділетсіздік екендігі туралы баяндалады.

1930-шы жылдардың ортасынан бастап, кейінгі кезге дейін метаэтика ағылшын тілді университеттерде басымдыққа ие болып келді. Метаэтикада біз жиі этикалық тілдің мәнін талдаймыз. Өлім жазасын мораль тұрғысынан ақтауға бола ма деп сұраудың орнына біз «бірденені мораль жағынан орынды» немесе «жақсы» немесе «дұрыс» деп атағанда біз нені меңзедік деп сұраймыз. Біз этикалық тілді, этикалық терминдерді және этикалық пайымдарды талдап, олардың не білдіретінін анықтауға тырысамыз. Сонымен қатар біз өзіміздің берген анықтамамыздан едәуір басқа деңгейде әрекет етеміз. Осы себепті біз этиканың осындай өзгеше түрін метаэтика деп атаймыз – мұндағы «мета» деген қосымша «тыс» дегенді білдіреді. Біздің алғашқы дәрістерімізде ортаға салынатын мәселелердің көбі метаэтикалық сипатта – мысалы, «жақсы» ұғымының түрлі мағыналары. Өздеріңіз көретіндей, мұндай ой-пікірлерден көптеген сабақ алуға болады.

Ұсынылатын әдебиет тізімі:

1. Alfred North Whitehead, *Process and Reality* (New York: Macmillan, 1929).
2. E. O. Wilson, *Sociobiology: The New Synthesis* (Cambridge, MA: Harvard University Press, 1975).
3. E. O. Wilson, *On Human Nature* (Cambridge, MA: Harvard University Press, 1978).
4. See Richard Dawkins, *The Selfish Gene* (Oxford: Oxford University Press, 1989).
5. See Frans de Waal, *Good Natured: The Origins of Right and Wrong in Humans and Other Animals* (Cambridge, MA: Harvard University Press, 1996).
6. Morton Hunt, *The Compassionate Beast: What Science Is Discovering about the Human Side of Humankind* (New York: William Morrow, 1990).
7. G. E. Moore, *Principia Ethics* (Buffalo, NY: Prometheus, 1903).
8. W. D. Ross, *Foundations of Ethics* (Oxford: Clarendon Press, 1939).
9. Michael Ruse, *Sociobiology: Sense or Nonsense?* (New York: Springer, 1985).
10. Richard Dawkins, *The Selfish Gene, 30th Anniversary Edition* (Oxford: Oxford University Press, 2006).